

"Шағымдарды қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 3 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2025 жылғы 20 қазандағы № 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 қазанда № 37194 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Шағымдарды қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31748 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шағымдарды қарау қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкіл*

А. Ластаев

Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің
2025 жылғы 20 қазандағы № 65
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің
2023 жылғы 20 қаңтардағы № 3
бұйрығымен бекітілді

Шағымдарды қарау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шағымдарды қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (бұдан әрі – Уәкіл) және оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілдерінің (бұдан әрі – Өкілдер) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы шағымдарды қарау тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) құқықтық қорғаудың тәсілдері мен құралдары – адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ұлттық немесе халықаралық заңнамада көзделген тетіктер мен рәсімдер;

2) арыз беруші – Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен олардың өкілдері;

3) арыз берушінің өкілі – жеке немесе заңды тұлға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз өкілеттігін жүзеге асыратын "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық Заң) 13-бабының 1-тармағына сәйкес қоғамдық бірлестікті қоса алғанда;

4) ұлттық превентивтік тетікке қатысушы – азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі шеңберінде әрекет ететін, Уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі іріктейтін Уәкіл, азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктердің және қоғамдық бақылау комиссияларының мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік жұмыскерлер, дәрігерлер;

5) шағым – бұл арыз берушілердің пікірінше, мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, өзге де ұйымдардың немесе лауазымды адамдардың шешімімен немесе әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) бұзылған немесе бұзатын, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде және Қазақстан Республикасы ратификациялаған, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы басқа да халықаралық шарттарда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру немесе қорғау туралы талапты қамтитын жазбаша немесе ауызша өтініш;

6) шағымды қарау пайдасына презумпция – шағымға қойылатын талаптардың сәйкес келмеуінен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының болжамды бұзылуы туралы шағым мәнінің басым болуы.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік, үкіметтік емес ұйымдардың және өзге ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты шағымдарды Уәкіл қарайды.

Өкілдер шағымдарды өздерінің функционалдық міндеттері шеңберінде және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде, сондай-ақ Уәкілдің тапсырмасы бойынша қарайды.

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (бұдан әрі – жұмыс органы) Конституциялық заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес шағымдарды қарау жөніндегі Уәкілдің қызметін жүзеге асыру үшін жәрдем көрсетеді.

4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген әкімшілік рәсімдер тәртібі Конституциялық заңмен және Қағидалармен реттелетін қатынастарға қолданылмайды.

5. Шағымды қарау кезінде алынған материалдар түпкілікті шешім шығарылғанға дейін жария етілуге жатпайды.

Арыз берушінің және басқа адамдардың жеке өмірі туралы мәліметтер олардың жазбаша келісімінсіз жария етілмейді.

6. Шағымды қарау мерзімі шағым тіркелген күннен бастап 15 жұмыс күнінен аспауға тиіс. Бұл мерзім Уәкілдің дәлелді шешімімен ақылға қонымды мерзімге, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы арыз берушіге және шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын тиісті мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, лауазымды адамдарға үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

2-тарау. Шағымды қабылдау

7. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы шағымды арыз беруші жеке өзі немесе оның өкілі не өз өкілеттіктерін орындау кезінде алынған ұлттық превентивтік тетікке қатысушысы арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының болжамды бұзылуына әкеп соққан мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдардың шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қатысты мемлекеттік тілде немесе өзі білетін тілде қағаз немесе электрондық форматта береді.

8. Шағымда мыналар болуы керек:

1) арыз берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері немесе жұмыс орны туралы мәліметтер;

2) арыз берушінің пікірінше оның құқықтары мен бостандықтарын бұзған немесе бұзатын мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, өзге де ұйымдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдерінің немесе әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) мәнін баяндау.

Арыз берушінің өкілі берген шағымға мүддесінде шағым берілген адамның өкілеттігін, келісімін растайтын құжат қоса беріледі.

Жақын туысы, жұбайы (зайыбы) беретін шағымға мүдделері үшін шағым берілетін адамның келісімі талап етілмейді.

9. Шағымды ресімдеу және тиімді қарау ыңғайлылығы үшін Қағидалардың қосымшасына сәйкес үлгі көзделген.

10. Шағымға мыналар қоса беріледі (бар болса):

- 1) арыз берушінің дәлелдерін растайтын құжаттар;
- 2) фото-, аудио- мен бейнематериалдарды қоса алғанда, шағымның мән-жайын растайтын дәлелдер;
- 3) алдыңғы шағымдар туралы мәліметтер.

11. Түскен кезде шағым белгіленген жұмыс уақытында келіп түскен күні тіркелуге тиіс.

Егер шағым жұмыс істемейтін күні түссе, онда ол одан кейінгі келесі жұмыс күні тіркеледі.

Тіркеу процесінде шағымның негізгі деректері тіркеледі және арыз берушіге алғаны туралы растау беріледі.

12. Келіп түскен шағымдар бойынша Уәкіл, Өкілдер мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:

- 1) шағымды қарауға қабылдайды;
- 2) арыз беруші өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін пайдалана алатын тәсілдер мен құралдарды түсіндіреді;
- 3) құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға анықтауға жататын мән-жайларға тексеру жүргізу туралы жолданымдар жібереді;
- 4) шағымды қарауға қабылдаудан бас тартады, ол дәлілді болуға тиіс.

3-тарау. Жеке қабылдау

13. Арыз беруші жеке қабылдау туралы өтініш жасай алады, онда мыналар болуы керек:

1) арыз берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері немесе жұмыс орны туралы мәліметтер;

2) арыз берушінің пікірі бойынша, оның құқықтары мен бостандықтарын бұзған немесе бұзатын мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың шешімдерінің немесе әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) мәнін баяндау;

3) осы мәселе бойынша алдыңғы шағымдар туралы мәліметтер.

Осы ақпарат болмаған жағдайда арыз берушіге Қағидалардың 35-тармағында көзделген тәртіппен кемшіліктерді жоюға уақыт беріледі.

Егер арыз беруші шағымды белгіленген мерзімде сәйкестікке келтірмесе, Уәкіл негіздерін көрсете отырып, жеке қабылдаудан бас тартуға құқылы. Арыз беруші шағыммен қайта жүгіне алады.

14. Жеке қабылдау жұмыс органының және өкілдіктерінің ресми интернет-ресурсына шығарылған жеке қабылдау кестесіне сәйкес алдын ала жазылу бойынша жүзеге асырылады.

15. Егер арыз беруші мемлекеттік немесе орыс тілін білмесе, жеке қабылдауда ол ана тілінде немесе аудармашының қызметтерін пайдалана отырып, өзі білетін тілде сөйлей алады.

16. Уәкіл, Өкілдер шағымды қарау кезінде арыз берушілерді жедел қабылдауды, оның ішінде мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ өзге де ұйымдардың өкілдерін шақыра отырып (бірлескен қабылдаулар) ұйымдастыруға құқылы.

17. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген немесе арыз берушілер мен жеке қабылдауды жүзеге асыратын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда, қабылдау техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

18. Егер жеке қабылдау барысында арыз беруші көтерген мәселені Уәкіл, Өкіл шеше алмаса, онда арыз беруші шағымды жазбаша нысанда бере алады және онымен Қағидаларда көзделген тәртіппен жазбаша шағым ретінде жұмыс жүргізіледі.

4-тарау. Шағымды қарау тәртібі

1-параграф. Шағымды қарауға қабылдау

19. Шағымды қарауға қабылдау туралы мәселені шешкен кезде шағымды қараудың пайдасына презумпция қағидаты басым болады.

2-параграф. Шағымды қарау

20. Шағымды қарау адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын немесе адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы ратификацияланған халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттің құқықтық міндеттемелерін сақтамау нәтижесінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының болуын айқындау мақсатында жүргізіледі.

21. Уәкіл, Уәкілдің тапсырмасы бойынша жұмыс органы, Өкілдер шағымның мәні болып табылатын мән-жайларды анықтауға жәрдем көрсету үшін мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына және лауазымды адамдарға жүгінуге құқылы.

22. Уәкіл, Уәкілдің тапсырмасы бойынша жұмыс органы, Өкілдер шағымды қарау үшін қажетті материалдарды, құжаттар мен мәліметтерді мемлекеттік органдардан, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарынан, өзге де ұйымдар

мен лауазымды адамдардан сұратуға және алуға, белгіленген тәртіппен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мәселелеріне қатысты мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің құжаттарына қол жеткізуге құқылы.

23. Сұратылған материалдар, құжаттар мен мәліметтер, егер сұрауда басқа мерзім көрсетілмесе, сұрау салу алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс. Мерзім екі жұмыс күнінен кем болмауы тиіс.

Мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Шағымды қарау рәсімі мынадай міндетті әрекеттерді қамтиды:

1) арыз берушіден және мемлекеттік органдардан нақты деректерді талап ету, шағымға қатысты қажетті құжаттарды және өзге де материалдарды жинау арқылы мән-жайларды анықтау;

2) шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған мемлекеттік органға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органына немесе лауазымды адамға шағымды қарау процесінде анықталуға жататын кез келген мәселелер бойынша өз түсініктемелерін беруге мүмкіндік беру;

3) алынған ақпаратты объективтілік пен бейтараптық қағидаттарына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарына, адамның және азаматтың құқықтарының халықаралық стандарттарына сәйкестігіне талдау арқылы дәлелдемелерді бағалау.

25. Арыз берушінің және уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан ұсынылған құжаттар мен ақпараттың, сондай-ақ құқықтық талдаудың негізінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының бар немесе жоқ екендігі анықталады.

26. Адам құқықтарының бұзылуы байқалған шағымдар бойынша Уәкіл:

1) арыз берушінің құқықтары мен бостандықтары олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) бұзылған мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, лауазымды адамдарға, мемлекеттік қызметшілерге адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру үшін қабылдануға тиіс шараларға қатысты ұсынымдар жібереді;

2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру туралы өтінішхатпен уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жүгінеді;

3) мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің шешімдерімен немесе әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) адамдардың шектелмеген тобының бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін талап арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінеді.

27. Ұсынымдар мыналар бойынша шаралар қабылдауды қамтуы мүмкін:

- 1) объективті және бейтарап талқылау жүргізу, кінәлі адамдарды жауапқа тарту;
- 2) ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес мемлекеттің келтірілген залал үшін өтемақы беру міндеттемелерін іске асыру;
- 3) оңалту, оның ішінде қажет болған жағдайда медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмекке қол жеткізу бойынша шаралар қабылдау;
- 4) болашақта осындай бұзушылықтардың алдын алу үшін саясатты өзгертуді, рәсімдерді қайта қарауды және тиісті органдардың қызметкерлерін оқытуды қамтитын қайталамау кепілдігін енгізу.

28. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы байқалмаған шағымдар бойынша арыз берушіге осындай шешімнің дәлелді себептерін көрсете отырып, жауап жіберіледі.

3-параграф. Құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың тәсілдері мен құралдарын түсіндіру

29. Шағымдар бойынша құқықтар мен бостандықтарды қорғау тәсілдері мен құралдары түсіндіріледі:

1) құқықтық қорғау құралдары сарқылмаған (арыз берушінің құқықтары мен бостандықтарын бұзған мемлекеттік органның, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органының немесе лауазымды адамның шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалмаған);

2) қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот актілері мен уәкілетті органдардың шешімдеріне дау айту туралы, егер олар әділдік және дәлелдемелерге баға беру мәселелерімен байланысты болса;

3) негізсіз ұстау немесе сот талқылауын кейінге қалдыру туралы жағдайларды қоспағанда мемлекеттік органдарда немесе соттарда қарау сатысында тұрғандар;

4) мемлекеттік органның әрекеттері шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, нанымы, тұрғылықты жері немесе өзге де жағдайлар бойынша кемсітушілікке негізделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының мәселелерімен байланысты;

5) азаматтық даулармен байланысты жеке және заңды тұлғалардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты, оның ішінде меншік құқығы, шарттық міндеттемелерді орындау мәселелері және адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы ратификацияланған халықаралық шарттар шеңберіндегі мемлекеттің халықаралық міндеттемелерінен туындамайтын басқа да жеке құқықтық қатынастар.

Арыз берушінің өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін пайдалана алатын тәсілдері мен құралдары туралы түсіндірме жіберу кезінде шағымның көшірмесі шағымда көрсетілген мәселені қарау құзыретіне кіретін мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның атына жіберілуі мүмкін.

30. Шағымның көшірмесін жіберу кезінде шағымда келтірілген мәселені қарау құзыретіне кіретін мемлекеттік органның өкілеттіктері көрсетіледі және мемлекеттің нақты адамның және азаматтың құқығын құрметтеу, қорғау және сақтау жөніндегі міндеттемелері, шағымда мәлімделетін бұзшылықтар туралы, сондай-ақ арыз берушіні ратификацияланған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес қолжетімді және тиімді құқықтық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері түсіндіріледі.

4-параграф. Тексеру жүргізу үшін шағымды мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жіберу

31. Егер шағымда нақты бұзушылық туралы мәліметтер болса, шағымдар тексеру үшін мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жіберіледі.

32. Азаптаулар немесе қатыгез адамгершілікке жатпайтын, қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас пен жаза немесе өзге де қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хабарламалары бар, оның ішінде ұлттық превентивтік тетікке қатысушыларын өз өкілеттіктерін орындауы кезінде алынған, сондай-ақ оларда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатер туралы мәліметтері бар жасырын шағымдар мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға олардың құзыретіне сәйкес дереу жіберіледі.

33. Егер арыз берушіге шағымды қараудан бас тартылса, бірақ тексеру жүргізуді талап ететін арыз берушінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы байқалса, шағымдар мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жіберіледі.

34. Тексеру жүргізу үшін мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жіберу кезінде арыз берушінің пікірінше болжамды құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ тексеру жүргізу және осындай құқық бұзушылықтар бойынша шешім қабылдау құзыретіне кіретін мемлекеттік органның (лауазымды адамдардың) өкілеттіктері туралы көрсетіледі.

Уәкіл, Уәкілдің тапсырмасы бойынша жұмыс органы, Өкілдер тексеру нәтижелері туралы ақпаратты сұратуға құқылы.

5-параграф. Шағымды қарауға қабылдаудан бас тарту

35. Қағидалардың 32-тармағын қоспағанда, Қағидалардың 8-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе немесе егер шағым мәтіні оны түсінудің дәлдігіне күмән тудыра отырып, анық емес немесе оқылмайтын болса, арыз берушіге анықталған кемшіліктерді бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жою қажеттілігін көрсете отырып хабарлама жіберіледі.

Егер арыз беруші белгіленген мерзімде шағымды сәйкестендірмесе, Уәкіл негіздемелерін көрсете отырып, шағымды қарауға қабылдаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Арыз беруші көрсетілген кемшіліктерді жойғаннан кейін шағыммен қайта жүгінуге құқылы.

36. Арыз беруші ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін шағымды кері қайтарып алуға құқылы. Бұл ретте шағым қараусыз қалдырылады.

Шағымды қарау, егер ол өтініш берушінің құқықтары мен мүдделерін немесе қоғамдық мүдделерді қорғау үшін қажет болса, оны қайтарып алғанына қарамастан жалғасады.

37. Қағидалардың 32-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, жасырын шағымдар, сондай-ақ діни, этникалық, жыныстық немесе өзге де белгілері бойынша жеке тұлғаға немесе топқа қатысты әдепсіз сөздерді, қорлау немесе кемсітушілік тұжырымдарды қамтитын шағымдар және өтініш беру құқығын теріс пайдаланудың өзге де нысандары қарауға жатпайды.

38. Шағымды қарауға қабылдаудан бас тарту туралы шешім арыз берушінің назарына осындай шешімнің дәлелді себептерін көрсете отырып жеткізіледі.

39. Жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған жағдайлар келтірілмеген, ал алдыңғы шағымдардың материалдарында тексеру материалдары бар және арыз берушіге белгіленген тәртіппен жауаптар берілген қайталанған шағымдар қарауға жатпайды және арыз берушіге хабарлай отырып, бұрын келіп түскен шағымдарға тіркеледі.

40. Шағымды қабылдаудан бас тарту туралы шешім шағымдануға жатпайды.

5-тарау. Жеке шағым болмаған кезде адам мен азаматтың құқықтарын бұзу жағдайларын қарау

41. Уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына қатысты мәселелерді, егер олардың белгісіз адамдар тобын қозғайтын жаппай бұзылуы туралы мәліметтер болса не мұндай бұзушылықтың қоғамдық маңызы бар болса немесе бұл өз құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық құралдарын өз бетінше пайдалана алмайтын адамдардың мүдделерін қорғау қажеттігіне байланысты болса, өз бастамасы бойынша қарауға құқылы.

Қарау ашық дереккөздерден, мемлекеттік, мемлекеттік емес немесе халықаралық ұйымдардан алынған мәліметтер негізінде басталуы мүмкін.

Өңірлік деңгейде тексеру жүргізу қажет болған жағдайда Уәкіл тиісті Өкілге тапсырма жібереді.

Қарау және шаралар қабылдау тәртібі Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

6-тарау. Шағымдарды қарау қорытындыларын жинақтау нәтижелері бойынша қабылданатын шаралар

42. Шағымдарды қарау қорытындыларын жинақтауды жұмыс органы және Өкілдер жұмыс органының регламентінде көзделген мерзімде жүргізеді.

43. Шағымдарды қарау қорытындысын жинақтау нәтижелері бойынша Уәкіл:

1) мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, әкімшілік рәсімдерді жетілдіруге қатысты жалпы сипаттағы ескертулері мен ұсыныстарын жібереді;

2) егер Уәкіл мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының немесе лауазымды адамдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын шешімдері немесе әрекеттері (әрекетсіздігі) олардың жетілдірілмеуіне немесе оларда орын алған олқылықтарға не Қазақстан Республикасы заңнамасының Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына немесе өзге де міндеттемелеріне қайшы келуіне байланысты жасалады деп пайымдаса, құқықтық актілерді қабылдаған (шығарған) субъектілерге оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен өтініш жасайды.

44. Ерекше қоғамдық маңызы бар не Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жаппай бұзылуына байланысты жағдайларда Уәкіл мынадай шаралар қабылдайды:

1) тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталарына немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолданым жібереді;

2) сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме беру ұсынысымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жүгінеді;

3) Конституциялық заңға сәйкес өзге де шаралар қабылдайды.

7-тарау. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері бойынша ұсынымдардың орындалуына мониторинг

45. Жұмыс органы және Өкілдер жұмыс органының регламентіне сәйкес ұсынымдардың есебін және орындалуына мониторинг жүргізеді.

46. Ұсынымдар есебінің және орындалу мониторингінің нәтижелері Уәкілдің жыл сайынғы баяндамасында көрсетіледі.

Шағымдарды қарау
қағидаларына
қосымша

Үлгі

Шағым

1. Арыз берушінің деректері (аты, тегі, әкесінің аты (бар болса), туған күні, азаматтығы,

жеке сәйкестендіру нөмірі): _____

2. Байланыс деректері (тұрғылықты жерінің немесе жұмыс орнының мекенжайы, байланыс телефоны, электрондық поштасы): _____

3. Адам құқықтарының бұзылу құрбаны (аты, тегі, әкесінің аты (бар болса), туған күні, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі)*: _____

4. Шешіміне немесе әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын мемлекеттік орган немесе өзге де ұйым, лауазымды адам: _____

5. Бұзылған құқықтар, бостандықтар **: _____

6. Бұзушылық фактілері (сіздің құқығыңыздың бұзылуына әкеп соққан, мемлекеттік органның немесе өзге де ұйымның не лауазымды адамның шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі),

оның ішінде олар туралы мәліметтер, оқиғалар, сондай-ақ бұзылған құқықты қорғау үшін

жасаған әрекеттеріңіз)***: _____

7. Шығым берілген күні, орны: _____

8. Арыз берушінің қолы: _____

Ескерту.

* Егер арыз беруші басқа тұлға болса, реттік нөмірі 3-жол толтырылады.

** Реттік нөмірі 5-жолда Сіздің ойыңызша, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында, Адам құқықтарының жалпыға бірдей

декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде және Қазақстан Республикасы ратификациялаған адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы басқа да халықаралық шарттарда бекітілген бұзылған құқықтар мен бостандықтар көрсетіледі.

*** Реттік нөмірі 6-жолда хронологиялық тәртіпте шешімі, әрекеттер (әрекетсіздіктер), оқиғалар, мәліметтер, көрсетіледі. Қабылданған әрекеттер деп өтініштің мазмұнын және оған жауапты көрсете отырып, мемлекеттік органға немесе сотқа жүгіну (атауын көрсеткен жөн) түсініледі.